

8D08104 – Өсімдік қорғау және карантин білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Дубекова Салтанат Бакытжановнаның «Күздік бидайдың сары тат ауруына төзімділік селекциясына бастапқы материал шығарудың иммунологиялық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Дәнді дақылдардың аса қауіпті ауру қоздырғыштарының, климаттың жаһандық өзгеру жағдайында, дамып-таралу ареалының өзгеріп отыруы және оның салдарынан індет зияндылығының артуы өте қауіпті. Бұл көптеген себептерге, соның ішінде қысқа ауыспалы егістерді енгізумен, ауруға сезімтал, генетикалық біркелкі сорттарды өсірумен байланысты. Осының нәтижесінде ауылшаруашылық дақылдары ауруларының эпифитотиясы айтарлықтай жиілей түсуде. Егістіктегі фитосанитарлық жағдайды жүйелі бақылау маңызды. Оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстанда күздік бидайдың ең зиянды ауруларының бірі – *Puccinia striiformis* f. sp. *tritici* саңырауқұлағы қоздыратын сары тат ауруы. Қоздырғыш өсімдіктің барлық жер үсті мүшелерін залалдап, тұқым сапасы мен өнімділіктің күрт төмендеуіне әкеледі. Фитопатоген популяциясындағы вируленттіліктің өзгеруіне байланысты, жаңа төзімділік көздерін анықтау және иммунологиялық бағалау ерекше маңызға ие. Сорттардың құнды иммунологиялық потенциалын арттыру агроценозға пестицидтік жүктемені азайтады, бұл оны экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жағынан тиімді етеді. Отандық селекцияны және шет елдік коллекцияны ауру қоздырғышына төзімділік үшін үнемі жүйелі түрде зерттеу, селекция үшін бастапқы материалды дұрыс таңдаудың міндетті шарты. Осыған байланысты күздік бидайдың сары татқа иммунологиялық көрсеткішін зерттеу, еліміздегі және әлемдік ғылыми жұмыстарда үнемі өзекті.

Диссертация авторы өзіне жүктелген міндеттерді орындап, үлкен көлемдегі ғылыми зерттеу жұмыстарын жеке өзі аяқтап, ғылыми материал жинап, оны диссертация түрінде қорытындылады. Диссертация бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты базасы, иммунитет және өсімдік қорғау зертханасында, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға мемлекеттік тапсырыс шеңберіндегі, бюджеттік бағдарлама: BR10765017 «Селекциялық процесті қамтамасыз ету үшін, ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің генетикалық ресурстарын сақтауды, толықтыруды, көбейтуді және тиімді пайдалануды зерттеу және қамтамасыз ету», жоба: «Қазақстанның АӨК өсімдік шаруашылығының бейімділігін, тұрақтылығын және өнімділігін арттыру үшін, селекцияның іргелі факторы ретінде ауыл шаруашылығы дақылдарының гендік қорын дамытудың кешенді жүйесін құру» зерттеулері бойынша жүргізілді.

Автордың егістік және зертханалық ғылыми – зерттеу жұмыстары нәтижесінде: күздік бидайдың коллекциялық (Орталық Азия: Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан; Ресей, Түркия және СИММУТ халықаралық ұйымының материалы) және селекциялық материалының иммунологиялық сипаттамалары алынды; сары татқа төзімділік көздері болып табылатын *Yr* гендерінің тиімділігі анықталып, Халықаралық сары тат питомнигі (IYRTN) және Халықаралық сары тат дифференциатор питомнигін (YR-DIF SET) қолдану аясында зерттелді; изогендік *Yr*- линияларының төзімділік көздерімен будандастыру арқылы алынған, күздік бидайдың жаңа гибридті популяциясы, ДНҚ молекулалық маркерлері арқылы генотиптелді. Осылайша диссертант жүргізген ғылыми жұмыстарының нәтижесінде, құнды иммунологиялық сипаттамалары бар генотиптер іріктелініп, оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайында сары татқа төзімді күздік бидай селекциясына бастапқы материалдың жаңа блогы қалыптастырылды. Иммунологиялық құнды, сары тат ауруына төзімді күздік бидай линиялары, селекцияға бастапқы материал ретінде мақсатты түрде тапсырылды.


Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми қағидалары, нәтижелері 13 ғылыми еңбекте жарияланды, оның ішінде 2 мақала Scopus деректер базасына енгізілген журналда, 6 мақала - ғылым және жоғары білім саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 4 мақала - Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы бойынша жарияланды. Сонымен қатар төзімді бидай сортүлгілеріне арналған Каталог – әдістемелік ұсыныс бекітіліп, жарияланды. Орта Азия елдеріндегі бірнеше Халықаралық ғылыми семинарларда Қазақстан елі атынан, зерттеу тақырыбына сай сәтті баяндамалар жасалынды, яғни бұл зерттеу бағытының ғылыми ортада жоғары қызығушылық пен өзектілігін білдіреді.

Дубекова Салтанат Бакытжановна ғылыми-зерттеу бағытын дұрыс таңдап, оны жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүргізе білді, яғни өндіріске ғылыми негізделген тұжырымдар мен ұсыныстар бере білетін жас ғалым. Оның айрықша ерекшелігі – орындалған жұмысқа еңбекқорлығы мен үлкен жауапкершілікпен қарауы.

Қорыта келе, Дубекова Салтанат Бакытжановнаның «Күздік бидайдың сары тат ауруына төзімділік селекциясына бастапқы материал шығарудың иммунологиялық негіздері» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы дербес, толық зерттеу болып табылады, Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелер беру ережесінің» талаптарына сәйкес келеді және оның авторы 8D08104 – Өсімдік қорғау және карантин білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесшісі,

ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
АҒҰА академигі, «Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының» жетекші ғылыми қызметкері



А.Т. Сарбаев